

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С. 170-173

## ҚАЗАҚСТАНДА АУТСОРСИНГТІҢ ДАМУЫ МЕН ЖАҒДАЙЫ

*Өмірзақ А.*

Тауарлар мен қызметтердің жоғары сапасын сақтай, операциялық шығындарды азайтуға қол жеткізе отырып, бизнесті ең тиімді түрде жүргізетін ұйымдар ғана аман қалады және жетістікке жетеді. Нақты бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін ең заманауи және табысты бизнес-модельдердің бірі аутсорсинг болып табылады, өйткені аутсорсинг еңбек бөлінісі мен кооперация қағидатын іс жүзінде іске асыру болып табылады.

Аутсорсинг — шартта ескертілген екі тараптардың арасында бизнес процесстер (төлем тізімдемелер мен шағымдардың өндеуі) мен операциялық атқарымдардың (өндеу өнеркәсібі, инфрақұрылымның басқаруы) табыстауын білдіреді. 1981 жылдан бастап “аутсорсинг” ұғымы Американдық Глоссарий бойынша “сыртқы ресурстарды қолдану” мығынасын беріп, әлі күнге дейін қолданыста жүр. Кейде аутсорсингке бір компаниядан екінші компанияға қызмеркерлер мен активтердің табыстауы жатады. Сонымен қатар, аутсорсинг мемлекеттік қызметтің басқаруын жеке меншік кәсіпорынға беру тәжірибесін білдіреді [1].

Аутсорсинг (outsourcing) ағылшын тілінен "сыртқы ресурстар" деп аударылған. Бұл басқару әдісінің негізі сыртқы ресурстарды тарту болып табылады. Аутсорсингтің анықтамалары өте көп, бірақ мәні қарапайым — бұл сыртқы ұйымға бизнестің толық жұмыс істеуі үшін қажетті бірқатар негізгі емес функцияларды беру. Аутсорсингтің айырмашылығы-Тапсырыс беруші аутсорсерге түпкілікті мақсаттар қояды, ал бұл мақсаттарға жету әдістері, құралдары мен жолдары тек Орындаушыға байланысты. Сонымен қатар, талап етілетін нәтижелерді алу үшін барлық жауапкершілік аутсорсингке жүктеледі, ол әрқашан келісімшартта нақты көрсетілген [1].

Аутсорсингке ішкі және шетел келісім-шарттарға қоса “оффшоринг” (бизнес процессті алыс елге орналастыру) пен “ниаршоринг” (бизнес процессті көршілес елге табыстау) жатады. Кәсіпкерлердің көбісі аутсорсинг пен оффшорингті шатастырады, бірақ екеуі әртүрлі нәрселерді білдіреді. Кез келген компания өз бизнесті алыс елге орналастырмай, қызмет жеткізушімен жұмыс істей алады. Мысалы, 2003 жылы “Procter and Gamble” оффшор атқарымдарсыз өз компаниясының инфрақұрылым басқаруын басқа кіші

компанияларға табыстады. Төмен халықаралық жұмыс күшінің жинақ ақшалары аутсорсинг пен оффшорингті ынталандырады. Нәтижесінде, оффшорингтің арқасында халықаралық жұмыс күшінің жинақ ақшалары көбейеді. Аутсорсингке қарама-қарсы тұратын инсорсинг келісім-шартқа үшінші тараптан ұсынылған процесстерді қамтиді. Кейбір кезде, инсорсинг сатылас біріктіру арқылы жүзеге асырылады. Бұған қарамастан, компаниялар инсорсингсіз келісім-шартқа өз бизнес процесстерін ұсына алады.

Екіжақты келісім бойынша, екі ұйым арасында қызметтер, сараптама және төлемдердің алмасуы негізінде жүргізіледі. Аутсорсинг икемді бюджет пен бақылауға көп мүмкіндік береді. Оның арқасында ұйымдар тек өздеріне қажетті қызметтерге төлеп, қызметкелерді жалдау және оларды оқытып, біліктілігін көтеру шығындарынан босатылады. Оған қоса, аутсорсинг жаңа инженерлік сараптамасын әкеліп, атқарымдық шығындардың қатерін азайтады [1].


Аутсорсинг - бұл кәсіпорын жұмысына жауапкершіліктің бір бөлігін алатын үшінші тарап ұйымдарын тарту. Бұл ұйым қызметіндегі негізгі емес бағыттарға қатысты. Бұл кәсіпорындағы бухгалтерлік есепті осы саладағы құзыретті аутсорсингтік компанияның немесе жалғыз маман аутсорсингтің қолына беру.

Аутсорсингке көшудің негізгі мақсаттары мен себептері:

- тәуекелдерді азайту (айыппұлдар, тіпті ұйымды мәжбүрлеп жабу);
- шығындарды төмендету (бұл әсіресе дағдарыс кезінде немесе кәсіпорынның төмен қаржылық жағдайында маңызды);
- бизнестің икемділігін арттыру;
- штаттағы қызметкерлер санының қысқаруы;
- шағын компания табысы;
- кеңсе бөлмелерін ұстай алмау;
- филиалдардың ашылуы;
- шетелдік компаниялардың қызметі.

Г.Я. Кокушева зерттеуі бойынша әлемдік нарықта аутсорсингтің бірнеше түрлері бар. Ол төмендегі 1 суретте келтірілген [2].





Сурет 1. Аутсорсинг түрлері

Қазіргі кезде Қазақстанда да аутсорсингтік компаниялар үлесі артуда. Осыған байланысты 2020 жылдың 19 желтоқсанында «Персоналдарды ұсыну қызметі бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша» ҚР заңы қабылданды [3]. Онда ҚР Азаматтық Кодексіне, Сыбайлас жемқорлыққа қатысты заңнамалық актілерге сәйкес, персоналдарды ұсыну қызметтері бойынша келісім-шартты құру бойынша өзгерістер мен толықтырулар ескерілген. Сонымен қатар персоналдарын жұмысқа жіберген және қабылдаған ұйымдар арасындағы қарым – қатынас та ескерілген. Бірақ қоғамда аутсорсинг компаниялардың пайда болуы Қазақстанның экономикасына кері әсерін тигізеді деп отыр. Атап айтқанда аутсорсинг қызметіне сүйенген компаниялар жауапкершіліктен қашатын болады деп есептейді.

Егерде аутсорсингтің негізгі принциптерін қарастыратын болсақ, кішкене де болса тапсырыс беруші компаниялардың көзқарасы өзгертін еді.

Аутсорсингтің негізгі принциптері:

— "мен басқаларға қарағанда жақсы жасай алатын нәрсені ғана қалдырамын, сыртқы орындаушыға басқаларға қарағанда жақсы жұмыс жасайтынын жеткіземін»;

— негізгі құзыреттілікке назар аудару арқылы ұйымды бәсекеге қабілетті ету;

— өзіндік құн мен тиімділікті төмендетуге қол жеткізу;

— арнайы ресурстарға немесе мүмкіндіктерге қол жеткізу;

— шағын ұйымдарда кәсіпкерлікті ынталандыру.

Төмендегі 1-кестеде бухгалтерлік аутсорсингтің басты артықшылықтары мен кемшіліктері берілген [2].

Кесте 1-

Бухгалтерлік аутсорсингтің артықшылықтары мен кемшіліктері

	Артықшылықтары	Кемшіліктер
	Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру және жүргізу шығындарын азайту (жалақы, салықтар, үй-жайлар мен жабдықтарды күту, арнайы бағдарламалар сатып алу, персоналдың біліктілігін арттыру).	Бухгалтерлік жазбалардың жүргізілуін бақылау ыңғайсыздығы, өйткені маман сізден қашықтықта болуы мүмкін, ақпараттардың құпиялық деңгейі төмендеу қорқынышы.
	Кәсіпорын қызметкерлері мен басшылықтарының бизнеске шоғырлануы.	Үшінші тарап ұйымы сіздің компанияңыздың өндірістік процестерінің ерекшеліктерін толық түсінбеуі мүмкін және қызметкерлердің қысқаруы.
	Жаңа технологияны жылдам енгізу, заңнама шеңберіндегі өзгерістерді уақытында ескеру (аутсорсингтік компаниялар мұны жылдам меңгеріп енгізеді).	Өз компанияың емес, басқалардың мамандарының біліктілігі көтерілуі мен оқуы.
	Тиімді тәжірибелер мен әдіс-тәсілдерді қолдану және басқару тиімділігін жетілдіру (аутсорсингтік компаниялар басқалардың оң тәжірибесін ескеріп, заманауи тәсілдерді қолданады).	Басқа компаниялардың тәжірибесінің кері әсері, бір жабдықтау көзіне байланысты болу.

Қазақстанда қазіргі кезде жұмыс істейтін аутсорсингтік компаниялары мынадай бағыттары бойынша топтастырылған, сурет 2.



Сурет 2. Аутсорсинг қызметтері бойынша топтастыру

Суретте Қазақстанда ресми түрде тіркелген аутсорсингтік қызметтер көрсететін алғашқы 100 компания Google іздеу жүйесі арқылы іріктелген [3]. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей қазіргі кезде IT-компьютерлік-жөндеу қызметтері бойынша, персоналдарды ұсыну бойынша аутсорсинг қызмет түрлері жақсы дамуда. Одан кейінгі кезекте клингтік, заңгерлік және

бухгалтерлік қызметтерге көңіл бөлінуде. Бухгалтерлік саласындағы аутсорсингтік қызмет covid-19 пандемиясынан кейін кең өріс ала бастады. Мұндағы басты себеп бухгалтерлік қызметтерді қашықтықтан жүзеге асыруға болатындығында. Әрине компаниялар бухгалтерия қызметтерін аутсорсингке бірден беріп жібермей, оң және теріс жақтарын талдағаны жөн. Айта кететін жағдай, шетелде аутсорсинг қызметтерге бухгалтерлік есептің қаржылық және салықтық ішкі есеп түрлерін аударған. Ал басқару есебі – яғни кәсіпорынды басқару жүйесін компаниялар анағұрлым тиімді қолға алған. Сондықтан Қазақстанда да осындай бағытта бухгалтерлік аутсорсингті дамытса, ал компаниялар басқарушылық, менеджмент саласына көбірек көңіл бөлсе, әсіресе шағын бизнес субъектілерінің жағдайы жақсарар еді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Д. Мазоренко. Аутсорсинг вместо расходов. <https://vlast.kz/diskussii/35079-austorsing-vmesto-rashodov.html>
2. Г.Я. Кокушева Развитие аутсорсинга и внедрение на предприятия Казахстана. <https://articlekz.com/article/5463>
3. «Персоналдарды ұсыну қызметі бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша» ҚР заңы Өзгерістер мен толықтырулармен 19. 12.2020 ж, <https://adilet.zan.kz>
4. Аутсорсинговые компании в Казахстане <https://www.google.com>
5. Pharmaceutical Outsourcing Russell Publishing ISSN:1945-3337E-ISSN:1945-3345